

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Әліпбекова Сандугаш Нұрлыбекқызының «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұргындарының денсаулық жағдайын
жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жарап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертууді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2022-2024 жж. арналған бағытына сәйкес келеді, бтармақшасы «Өмір және денсаулық туралы ғылым».</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Докторанттың жүргізілген зерттеу жұмысының маңыздылығы қорғауға ұсынылған қағидаларда нақты ашып көрсетілген және зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Диссертациялық жұмыста Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұргындарының денсаулық көрсеткіштерінің жіктелу ерекшеліктері айқын көрініс береді. Атап айтқанда аурушаңдық динамикалық тұрғыда зерттеліп және тұрғындар</p>

		<p>денсаулығына әсер ететін факторларды анықтау ерекшеліктері аталып өтілген. Денсаулық көрсеткіштері мен қатерлі себептер арасындағы байланыс тығыздығын нақты анықтау емдеу-профилактикалық және реабилитациялық шараларды ғылыми түрғыда негіздеуге жол ашады.</p> <p>Әрбір әкімшілік ауданның профилактикалық бағдарламасы әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға, аурушаңдық және өлім-жітім көрсеткіштерін азайтуға және одан туындастын аурулардың алдын алуға жағдай туғызады. «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайын жетілдіру» атты тақырыбы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр және аталған мәселелер зерттелмеген туралы отандық, шетелдік әдебиеттерге шолу жүргізу арқылы дәлелденді. Зерттеу тақырыбы еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың аурушаңдық көрсеткіштерінің алдын алуда, әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуда маңызды болып саналады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізуде докторанттың жеке үлесі үлкен. Зерттелетін мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жасаған, математикалық-статистикалық өндөу жұмыстарын жүргізген, отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаларын жариялаған. Диссертацияның барлық бөлімдері мақсаты, зерттеудің міндеттері, материалдарды жинау және өндөу, жұмыстың негізгі қағидалары,</p>

			қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстарды докторант өз бетінше тұжырымдаған және жазған. Докторант зерттеу жұмысын толық үйымдастыруға, дерекқорлардан материалдарды жинақтауда белсene қатыса отырып, статистикалық өндөуді заманауи деңгейде жүргізген.
4.	Iшкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:	Зерттеу жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары алға қойылған мақсаты мен міндеттері оның өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, тәжірибелі маңыздылығы, қорғауга ұсынылған қағидалар алынған нәтижелердің ішкі өзара біртұтастырылған көрсетті. Диссертациялық зерттеудің міндеттері, қолданған әдістері осы жұмыстың алға қойылған мақсатына сай күрастырылған. Сонымен қатар олар бір-бірімен өзара байланыса келе, алынған нәтижелердің біртұтастырылғына қол жеткізу үшін бірыңғай күрілымды қурайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Автор диссертация тақырыбы бойынша енбекке қабілетті жастағы жастағы тұрғындар арасында жүргізілген отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттеріне шолу жүргізуден бастап, тұрғындар арасында сауалнама жүргізумен қатар, статистикалық мәліметтерді заманауи деңгейде өндөуден өткізу арқылы нәтижелерге қол жеткізіп, тақырыпты толық ала алды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты айқын және нақты тақырыпқа сай тұжырымдалған. Жұмыстың міндеттері бірыңғай мақсатты шешүгे бағытталған және бір-бірімен логикалық

	<p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>байланысқан, денсаулық сақтауды басқару үйымдары қолданатын ресми материалдарына сараптауга негізделген. Материалдарды статистикалық өңдеу арнайы статистикалық әдістерге сүйене отырып жасалған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары алға қойылған мақсаты мен міндеттері оның өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, қорғауга ұсынылған қағидалар алынған нәтижелердің ішкі өзара біртұастығын көрсетті. Диссертациялық зерттеудің міндеттері, қолданған әдістері осы жұмыстың алға қойылған мақсатына сай күрастырылған. Сонымен қатар олар бір-бірімен өзара байланыса келе, алынған нәтижелердің біртұастығына қол жеткізу үшін бірынғай құрылымды құрайды.</p> <p>Осыған байланысты, диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындыларының біртұастығы жеткілікті дәрежеде деп айтуда болады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Тақырып бойынша ұсынған келесі қағидалар: Түркістан облысы тұрғындарының денсаулық көрсеткіштерінің даму деңгейі мен құрылымы олардың туындауының қатерлі себептерінің таралу заңдылықтарына тәуелді; Тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері мен аурушандық көрсеткіштері әкімшілік аудандардың әлеуметтік-медициналық және экологиялық-гигиеналық ерекшеліктері бойынша топтастыруға негіз бола отырып, профилактикалық іс-шаралар тиімділігін арттырады; Әкімшілік аудандардың профилактикалық бағдарламасының үлгісі мен</p>

			оның нәтижелілігі зерттеудегі қауіп факторларын тежеудегі денсаулық сақтау жүйесінің әлеуметтік-материалдық қорларымен қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен негізделетіндігі диссертациялық жұмыста толық дәлелденіп, сыни талдау жұмыстары жүргізілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық тобына әсер ететін медициналық-биологиялық, әлеуметтік-гигиеналық, өмір сүру салты себептерінің тигізетін әсерін бағалау барысында қол жеткізілген материалдары жаңалығымен айқындалады. Тақырып бойынша әрір әкімшілік аудандардағы өмір сүрудің ерекшеліктеріне қарай профилактикалық-сауықтыру шараларының ұйымдастыру бағдарламасы жасалған. Сондықтан, жұмыстың негізгі нәтижелері мен диссертацияда түжірымдалған қорытындылардың жаңалық деңгейі жоғары деуге негіз бар.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары нақты және толықтай жаңа. Қорытынды бөлімінде аудандарды қатерлілік дәрежесіне қарай топтастыра отырып, алдын алу шараларын да қатерлілік дәрежесіне қарай жүргізу қажеттілігі көрсетілген. Қорытынды бөлімінде зерттеудің міндеттеріне толық жауап көрсетілген.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Докторант жүргізген зерттеу жұмысы өзекті теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған. Жұмыс барысында қол жеткізілген нәтижелер тәжірибеге енгізіліп, енгізу актілері алынған. Жұмыстың нәтижелері ғылыми конференцияларда баяндалған.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жүргілген. Әдеби шолуда көрсетілген әдебиеттер қазіргі мәселелердің диссертациялық жұмыстың тақырыбына байланысты өзектілігін көрсетеді. Жарияланған мақалаларда диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері көрсетілген.</p>
7.	Көрғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Көрғауға ұсынылған негізгі қағидалар бойынша деңсаулық көрсеткіштерінің құрылымы олардың туындауының қатерлі себептеріне тәуелді екендігі дәлелденген. Ұсынылған модель профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін артырады. Жұмыстың нәтижелілігі деңсаулық сақтау жүйесінің материалдық қорлармен қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен негізделетіндігі толық дәлелденген.</p> <p>Қағидалар тривиальды емес, жаңа, отандық және шетелдік журналдарда мақала жарияланған.</p>

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Денсаулық көрсеткіштері мен аурушаңдық жағдайларын интегралды көрсеткішпен бағалау әдісі қолданылған. Әдіснама нақты жазылған. Тұрғындардың денсаулығына әсер ететін факторларды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілген. Сауалнаманы өндөуде көлдененін зерттеу әдісі қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Статистикалық мәліметтерді өңдеу заманауи компьютерлік әдістерді қолдана отырып жүргізілген. Топтастырылған аудандар бойынша интегралды бағалау әдісі қолданылған. Белгілер арасындағы байланысты талдау көпөлшемді логистикалық регрессиялық талдау әдісі арқылы анықталған. Және тұрғындар денсаулығына әсер ететін қатерлі себептердің арасындағы байланыс дәрежесін анықтау үшін Пирсон корреляция коэффициенті қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс нәтижесінде алдын алу шараларының моделі құрастырылып, медициналық ұйымдарға тәжірибеле енгізіліп, енгізу актілері алынған. Ұсынылған модель өз нәтижесін бергендейктен, бірқатар әлеуметтік аурулардың үлесін азайтуға мүмкіндік тұғызған.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне әдеби шолу тақырыпқа сәйкес жасалған. Әдеби шолу және ғылыми тұжырымдар сілтемелермен расталған. Жалпы отандық және шетелдік ғалымдардың 121 әдеби дереккөздеріне шолу жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Қолданылған әдебиеттер тізімі диссертациялық жұмыс тақырыбының өзекті екендігін ашуға толық жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қафидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңыздылығы күмән туғызбайды. Диссертациялық жұмыс нәтижесі денсаулық сақтау ұйымдарында кәсіби шешімдер қабылдауда маңызды. Тұргындардың денсаулық жағдайын зерттеу, бағалау, тұрғындардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Облыстық денсаулық сақтау жүйесінде қолданады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иля; 2) жоқ.	Ұсынылған медициналық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру моделін денсаулық сақтау мекемелерінің жұмысына тәжірибеге енгізу әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, оларды төмөндөтүге мүмкіндік берген. Жұмыс нәтижесі медициналық мекемелерге тәжірибеге енгізіліп, енгізу актілері алынған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибелік ұсыныстар жаңа. Жұмыстың нәтижесінде алынған мәліметтер профилактикалық шаралардың негізі бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;	С.Н. Әліпбекованның «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайын жетілдіруді ғылыми

		<p>3) оргашадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мазмұны мен рәсімделуі талапқа сай орындалған. Жазу стилі нақты, әрі түсінікті. Яғни, диссертациялық жұмысты академиялық жазу сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыста жекелей статистикалық және оны дер кезінде түзеуге грамматикалық кемшіліктер орын алды және ұсыныстар берілді. Бұл кемшіліктер диссертацияның маңыздылығына әсер етпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертация тақырыбы бойынша Scopus мәліметтер базасында, Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалары тақырыпқа толық сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>Әліпбекова Сандуғаш Нұрлыбекқызының 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайын жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ішкі бірлік, тәжірибелік құндылық, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы бар толық аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» талаптарына сәйкес орындалған. Әліпбекова Сандуғаш Нұрлыбекқызы 6D110200 - Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>	

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-ның «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау» кафедрасының доценті, PhD, философия докторы



П.Ж. Айтмағанбет